

ЖЕМ - САҒЫЗ

№26 (7886) 2 шілде, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Есен

Аудан: Жоспар, жоба, нәтиже

Аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаевтың төрағалығымен өткен ардагерлер кеңесінің отырысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралды. Кеңес барысында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс, аудандық экономика және қаржы, аудандық жер қатынастары бөлімдерінің, сондай-ақ аудандық аурухананың басшысы өз салалары бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндама жасады.



Инфрақұрылымдық жаңару - халық игілігіне

Алдымен баяндама оқыған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ерік Көпжасаров сала бағытындағы жобалар ауданның әлеуметтік-экономикалық келбетінің жаңа деңгейіне көтеріліп жатқанын айтты. Аудан көлеміндегі жолдардың жөндеу, елді мекендерді таза ауыз сумен және табиғи газбен қамту, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға баспана беру бағытындағы жұмыстар 2026 жылы да өз жалғасын табады.

Айтуынша, аудандық және ауылшілдік маңызы бар автомобиль жолдарын жақсарту – биліктің басты басымдықтарының біріне айналған. Мәселен, аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша 2025 жылға 6 жоба жоспарланып, оның 3-еуі пайдалануға берілген болатын.

– Осы бағыттағы ірі жобалардың бірі – Қарауылкелді-Жарқамыс тас жолының 66-78 шақырымы аралығы. Бұл нысанға жалпы сомасы 952,483 млн теңге өтінім ұсынылып, облыстық бюджеттен алғашқы кезеңде 500,0 млн теңге бөлінді. Конкурста «Шымкентдорстрой» ЖШС-і жеңімпаз атанып, бүгінде 6 шақырымдық учаскеге қиыршық тас төселді. Ал 2026 жылға жоба бойынша облыстық бюджеттен тағы 444 959,0 мың теңге бөлініп отыр. Сондай-ақ, «Қарауылкелді-Алтай батыр-Миялы-Оймауыт» ортажолының 132-143 шақырымын автожолға жөндеу де бақылауда. Жоба құны 680 315,341 мың теңгені құрайды. Сот шешімімен бұрынғы шарт бұзылып, «Den Group Plus» ЖШС-мен қайта келісімшарт жасалды және 2026 жылға облыстық бюджеттен 500 000 мың теңге бөлініп, мердігер материал тасу жұмыстарын бастап кетті. Алдағы уақытта Қарауылкелді-Жарқамыс жолының 78-90 шақырымын орташа жөндеуге арналған 981 473,984 мың теңгелік жоба бойынша да облыстық бюджеттен қаржыландыру күтілуде, - деген бөлім басшысы ауыл ішіндегі жолдардың да сапасы назардан тыс қалып жатпағанын айта кетті. Белгілі болғандай, 2025 жылы ауылшілдік жолдардың деңгейін жақсарту мақсатында 7 жоба іске асырылып, оның 5-еуі пайдалануға берілген. Қалған бір жобаны 2026 жылы аяқтау жоспарланса, тағы бір жоба бойынша қазіргі таңда

сот процесі жүріп жатыр. Сонымен қатар, Ноғайты ауылындағы Теміржол вокзалынан Бейбітшілік көшесіне дейінгі жол құрылысы да қарқынды. «Лидер НС Строй» ЖШС-мен жасалған келісімшарт аясында 2026 жылы жол негізін тегістеу мен құм төгу жұмыстары жүргізілсе, 2025 жылы автомобиль жолының негізі толық әзірленген. Бөлім басшысы құрылысты 2026 жылы толық аяқтау үшін бюджеттен қосымша 45 621,0 мың теңге бөлініп, жыл соңына дейін пайдалануға беру көзделіп отырғанын баса айтты.

Ал Қарауылкелді ауылындағы «Боллашақ» (1-жартысы) және «Жаңа құрылыс-3» көшелеріне жол салу үшін сәткесінше 399 159,0 мың теңге және 500 060,0 мың теңгелік жобалар әзірленіп, құрылысы 2027 жылға жоспарланған. Сондай-ақ, «Боллашақ» ауданының 2-жартысына ЖСҚ әзірлеуге биыл 5000,0 мың теңге бөлініп, қазіргі уақытта инженерлік желілерге техникалық шарттар алу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан тұрғындарын көгілдір отынмен қамту көрсеткіші де жыл санап артып келеді. Бүгінгі таңда аудандағы 24 елді мекеннің 10-ы немесе 19 100 адам газбен қамтылған. Бөлім басшысының мәліметінше, 2027 жылға қарай тағы екі ірі ауылды газға қосу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Қосарал ауылын газбен қамту жұмыстарының жалпы құны 287 999,0 мың теңгені, ал Көкбұлақ ауылы бойынша жоба құны 290 906 мың теңгені құрайды. Екі нысанның да құрылыс мерзімі 5 айға созылады деп күтілуде.

Тұрғындар үшін ең маңызды мәселенің бірі – таза ауыз су. Бүгінде аудан бойынша сумен қамту көрсеткіштері елді мекендерге есептегенде 87,5%-ды, ал халық санына шаққанда 98%-ды құрап отыр. Аудандағы 24 елді мекеннің ішінде 18 ауыл орталықтан-дырылған ауыз сумен, ал 3 ауыл су тазартудың кешенді блок-модулімен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта Қарауылкелді ауылындағы су құбыры желілерін реконструкциялау және на-состы станция құрылысы қолға алынбақ. Жалпы құны 251 085 мың теңге болатын бұл жоба негізінен 2027 жылға жоспарланғанымен, жұмыстарды 2026 жылы-ақ бастап кету үшін облыстық басқарманың келісімі күтілуде.

– Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі ретінде аудандағы баспана мәселесінің шешілуін айтуға болады. 2026 жылы халықтың әлеуметтік жағынан

осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің теңгеріміне 43 пәтер қабылданды. «Отбасы банк» АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалымен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күні барлығы 40 азамат баспаналы болып, қоныс тойын тойлады. Қуанышқа кенелгендердің ішінде көпбалалы отбасы санаты бойынша – 24 адам, толық емес отбасылар санатынан – 10 адам, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған – 5 отбасы және жасына байланысты 1 зейнеткер бар, - деді Ерік Көпжасаров баспана мәселесін де назардан тыс қалдырмай.

Жерді тиімді пайдалану - басты мақсат

Өз кезегінде сөз алған аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Қайрат Жақасов ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында атқарылған жұмыстар қорытындысын жариялады. Бүгінгі таңда аудан бойынша жалпы жер көлемі 6 миллион 103 мың 969 гектарды құраса, оның басым бөлігі, яғни 4 миллионнан астам гектары босалық жер қорына бекітілген.

–Есепті кезеңде жергілікті тұрғындар мен заңды тұлғаларға көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына ерекше көңіл бөлінді. «Е-өтініш» ақпараттық порталы арқылы жыл басынан бері 91 өтініш тіркеліп, оның 65-і қанағаттандырылды. Жалпы алғанда, бөлім тарапынан азаматтарға 134 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Аудандық жер комиссиясының 16 отырысы өтіп, онда қаралған 109 мәселенің 107-сі оң шешімін тапты. Сонымен қатар, жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) бойынша кезекте 769 азамат тұрғанымен, қажетті инфрақұрылымы бар дайын алаңдардың жоқтығынан жер учаскелерін беру уақытша тоқтатылып отыр.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізу және кәсіпкерлікті қолдау бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Жыл басынан бері Жаңақол, Жарқамыс, Сартоғай ауылдық округтерінен жалпы көлемі 8 320 гектар болатын 5 жайылымдық жер учаскесі конкурс негізінде табысталды. Бұған қоса, алдағы шілде айында жалпы көлемі 67 100 гектарды құрайтын 23 жер учаскесіне конкурс өткізу жоспарлануда, - деді баяндамашы.

Оның мәлімдеуінше, сауда-саттық пен аукциондар жұмысы да өз нәтижесін беруде. Атап айтсақ, Жарлы, Қопа, Қарауылкелді ауылдық округтерінде жалпы көлемі 0,3025 гектар болатын 3 жер учаскесінің жалдау құқығы аукцион арқылы 11 миллион 047 мың 827 теңгеге сатылған. Келесі айда тағы 4 жер учаскесі аукционға шығарылмақ.

Бөлім басшысы сондай-ақ пайдаланылмай жатқан және заңсыз иеленген жерлерді мемлекетке қайтару бағытындағы мониторинг жұмыстары да жолға қойылғанын айтты. Арнайы топтың тексерісі нәтижесінде, жерді тиімсіз пайдаланған 7 ауыл шаруашылығы құрылымынан жалпы көлемі 5 576 гектар болатын 8 жайылымдық жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылған. «Бұл бағыттағы жылдық жоспар 11 000 гектарды құрайды және бақылау шаралары алдағы уақытта да жалғаса бермек», - деді бөлім басшысы.

(Басы. Соңы 3-бетте).



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАДА ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Мемлекеттік қызметшілер күніне орай Ақтөбе қаласында өткен дәстүрлі облыстық спартакиадада Байғанин ауданының мемлекеттік қызметшілерінен құралған құрама команда жоғары нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте жүлделі ІІ орынды жеңіп алды. Облыстың барлық аудан-қалаларынан жиналған 14 команда арасындағы тартысты бәсекеде байғаниндіктер ұйымшылдықтың, табандылықтың және спорттық дайындықтың жарқын үлгісін танытып, бірнеше спорт түрінен жеңіс тұғырына көтерілді.

Аталған ауқымды додада Байғанин ауданының намысын 30-ға жуық мемлекеттік қызметші қорғады. Аудан құрамасы спорттың тоғыз түрі бойынша сынға түсіп, өздерінің жоғары дайындықтарын, ұйымшылдығын және жеңіске деген жігерін айқын көрсетті.

Спартакиада бағдарламасына волейбол, баскетбол, шағын футбол, жүзу, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі және киберспорт енгізілді. Бес күнге созылған тартысты жарыстарда байғаниндік спортшылар бірқатар спорт түрінен үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтқанда, қыздар баскетбол командасы қарсыластарынан басым түсіп, І орынды жеңіп алды. Волейбол командасы тартысты кездесулер нәтижесінде ІІІ орынға тұрақтады. Ал үстел теннисінен Байғанин құрамасы командалық есепте ІІІ орынды иеленсе, жеке-жеке ішінде Нұржан Азов ІІ орыннан көрінді. Қазақ күресінен аудан командасы командалық есепте ІІ орын алып, жеке-жеке жарыста Әлішер Беріков барлық қарсыласын жеңіп, І орынға ие болды. Тоғызқұмалақтан Роза Қани жеке-жеке ішінде ІІІ орынды қанжығасына байлап, аудан қоржынына кезекті жүлдені салды. Жарыстың қорытындысы бойынша Байғанин ауданының құрама командасы жалпы 120,5 ұпай жинап, жалпыкомандалық есепте жүлделі ІІ орынды иеленді. Бірінші орын облыс әкімдігінің құрамасына бұйырса, үздік үштікті Мәртөк ауданының командасы қорытындылады.

Жүзу спортынан өзі де жарысқа қатысып, сонымен қатар командасына жанкүйер болған аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев биылғы спартакиадада өнер көрсет-

кен спортшылардың жоғары дайындық деңгейін ерекше атап өтті.

– Бірнеше жыл бұрын аудан құрамасы үздік үштіктің үшінші сатысынан ғана көрінетін. Биылғы екінші орын – ауызбіршілік, өзара қолдау, тыңғылықты дайындық және әрбір қатысушының белсенділігінің нәтижесі деп есептеймін. Қарсыластарымыз да осал болған жоқ. Жас әрі қарымды спортшылардың команда қатарына қосылуы үлкен серпін берді. Сонымен қатар, құрамдағы тәжірибелі спортшылардың еңбегін де жоққа шығаруға болмайды. Бұған дейін негізінен волейболдан жүлделі орындарға ие болып келсек, биыл оған жүзу, үстел теннисі және қазақ күресі қосылды. Стритболдан да ұлдар мен қыздар құрамалары жақсы нәтиже көрсетті. Спартакиададағы атмосферамыз сөзбен жеткізу қиын. Әр жарыс сайын командаластарымыз бір-біріне дем беріп, жеңіске бірге ұмтылды. Бір спортшы жарысқа шыққанда, қалғанымыздың бәрі жанкүйер болып, соңына дейін қолдадық. Жеңіске жеткендегі қуаныш та, сүйріген сәттегі демеу де ортақ болды. Дәл осындай ұйымшылдық пен бірлік бізді алға жетеледі деп ойлаймын. Команданың бірлігі мен ауданның намысы мен мерейін абыроймен қорғаған әріптестеріміз барлығына шынайы ризашылығымды білдіремін, - деді ол.

Бұл нәтиже – аудан мемлекеттік қызметшілерінің спортқа деген қызығушылығын, салауатты өмір салтын ұстануының, ұйымшылдық пен өзара қолдаудың нақты жемісі.

«Жем-Сағыз» ақпарат

КОМАНДАЛЫҚ РУХ СЫНҒА ТҮСКЕН ДОДА

Жуырда аудан орталығында «Qyzmet CUP» тимбилдинг сайысы ұйымдастырылып, оған ауданның әртүрлі мекемелерінде қызмет атқаратын жас мемлекеттік қызметшілерден жасақталған командалар қатысты. Танымдық әрі тартысты өткен сайыс қатысушылардың білімін, шығармашылығын танытқан, көшбасшылық қабілеті мен командалық бірлігі сынға түскен мазмұнды шараға айналды.



Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен сайыс барысында қатысушылар бірнеше кезең бойынша өзара бақ сынап, логикалық ойлау қабілетін, тапқырлығын, шығармашылық ізденісін және кез келген жағдайда бірлесіп шешім қабылдай білу дағдыларын көрсетті.

Ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі аппаратының кадр бөлімінің басшысы Света Әмидан мен аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Роза Айтжанова әріптестерін мерекемен құттықтап, сайыста сәттілік тіледі.

Тимбилдинг форматы қатысушылардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуына, сенім мен жауапкершілікке негізделген командалық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл сайыс мемлекеттік қызметшілердің тек кәсіби қызметте ғана емес, қоғамдық іс-шараларда

да белсенді екенін көрсетті. Сайыс барысында командалар қаппен секіріп, арқан тартысып, орыны ауысқан әріптерден мемлекеттік қызметке қатысты сөздерді тауып жарысты. Әр кезең тартысқа толы өтіп, командалар жеңіске деген жігері мен белсенділігін паш етті.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені «Феникс» командасы жеңіп алды. Екінші орын «211» командасына бұйырса, «Айбын» командасы үшінші орынға ие болды. Ал «Бюджет бестігі» командасы ұйымшылдығы мен бірлігі үшін «Ең ұйымшыл команда» номинациясымен марапатталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ұйымдастырушылар тарапынан арнайы әзірленген кубоктар, Алғыс хаттар, қаржылай сертификаттар және бағалы сыйлықтар табысталды.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Ғұмыр

ДОМБЫРАҒА ҮН ҚОСЫП, ЖЕРГЕ НӘР БЕРГЕН ҚҰТЫМ АТА

Кей адамдардың ғұмыры тұтас бір дәуірдің шежіресіндей болады. Олар атақ қуып емес, адал еңбектің соңынан жүріп, өзі өмір сүрген ортаның тарихына үнсіз із қалдырады. Байғанин өңірінің белгілі қолөнер шебері Құтым Қасенов – сондай жандардың бірі. Бала күнінен ағашқа ғашық болған ол өмір бойы құрылыс саласында жүрді, сандық пен бесік жасады, қазақтың қара домбырасына жан бітірді. Кейін ауылда жылыжай кәсібін дамытып, талай адамға үлгі болды. Сексеннің сеңгіріне шыққан қарияның тағдыры – табандылықтың, еңбекқорлықтың және туған жерге адал қызмет етудің жарқын көрінісі.

Еңбекпен өрілген ғұмыры көпке үлгі болған қарияны күні кеше үйіне арнайы іздеп барып, келелі әңгімесіне құлақ түріп, қолынан шыққан дүниесін көзбен көріп қайттық.



1946 жылдың 3 шілдесінде дүниеге келген Құтым ақсақалдың ағашқа деген қызығушылығы бала күнінен басталады. Ол кезде мектеп жеті және он жылдық болатын. Жетінші класты тәмамдаған соң, мектептегі әрі қарайғы оқудан бас тартып, бар ойы ағаш шебері болуға ауады. Жасы жетпейді деген себеппен аудан орталығы Жарқамыстағы шеберхана алғашында жұмысқа қабылдамайды. Кейін әкесі – бас дәрігердің ықпалымен шеберханаға жұмысқа орналасып, есік-терезе, сандық жасап, ағаштың қыр-сырын меңгереді.

Екі жылдан кейін жаңадан ашылған мекемеге ағаш шебері болып ауысып, 1965 жылға дейін түрлі станоктармен жұмыс істейді. Сол жылы әкесінің қызметіне байланысты отбасы Қарауылкелдіге қоныс аударады. Арада бір жыл өткенде шаңырақ көтеріп, біраз уақыт поштада, одан кейін фотограф болып еңбек етеді. Алайда бұл жұмыстар көңілінен шықпай, 1966 жылы құрылыс мекемесіне жұмысқа орналасады.

Құрылыс саласында отыз жылдан астам уақыт бригадир болып еңбек еткен Құтым ата Байғанин ауданының көптеген нысандарының бой көтеруіне үлес қосты. Бірнеше совхоздағы мектептердің, телемұнаның іргетасы мен қабырғасының, мәдениет үйінің, кино-театрдың, «Тау» дүкенінің, Ермағанбет

ишан мешітінің құрылысына жетекшілік етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау құрылыс саласына да ауыр тиді. Қысқарту болып, айлап жа-

домбыра» республикалық байқауына қатысады. Байқауда шеберлердің аты-жөні жасырын сақталып, тек бұйымның сапасы бағаланады. Сонда белгілі күйші, профессор Қаршыға Ахмедияров: “Мына домбыра асқан шеберлікпен жасалған. Бұл – ағаштан түйін түйетін адамның қолынан шыққан дүние”, – деп жоғары баға береді. Бұл сөз Құтым ата үшін кез келген жүлдеден артық марапат болды.

Екі жылдан кейін Атырауда өткен республикалық байқауда Бекболат Тілеуханов, Қаршыға Ахмедияров, Қыдырәлі Болманов, Нұрлан Өнербаев, Азидолла Есқалиев секілді өнер майталмандарының алдында бақ сынап, жүлделі үшінші орынды иеленеді. 2000 жылы Алматыда өткен республикалық байқауда екінші орын алып, 2002 жылы тағы да күміс жүлдегер атанады. Өзінің айтуынша, домбырасының сапасы жоғары болғанымен, қарсыласының италиялық үй-еңкі ағашынан жасалған аспабы басымдық алып кеткен. “Қолөнер шебері болу үшін шабыт керек. Домбыраны кәсіби деңгейде тартпасам да, бала жұбатарлық өнерім бар”, – дейді қария.

2017 жылы өмірлік серігі Талшын апай дүниеден өткен соң шебер шеберханасына кірмей қояды. “Жұмыс істеп отырғанда көкемді әкеліп, жанымды жайландырып жүретін адамым жоқ болған соң, шеберхананың да сәні кетті”, – дейді күрсініп.

Дегенмен оған дейін «ЭКСПО» халықаралық көрмесіне арнайы шақырылып, қазақтың домбыра жасау өнерін шетелдік қонақтарға таныстырып қайтқан.

Құтым ата тек өзі шебер болып қоймай, ізбасар да тәрбиеледі. Бүгінде оның шөкірті Марғұлан Дүзбаев аудандық шығармашылық орталығында ұстаздық етіп, ұлттық қолөнерді дәріптеп келеді.

Шебердің тағы бір ерекше қыры – жылыжай кәсібі. Бұл қызығушылық та әкесінен дарыған. Бау-бақша өсіруге құмар әкесінің жанында жүріп, жердің тілін түсінген Құтым ата бір кезде газеттен Аралдың тұзы жайлы мақаланы оқып, өнімді қорғаудың жолын іздейді. Сөйтіп, ауылда ешкім естіп-білмеген жылыжай тұрғызуға бел буады.



Құрылыс мекемесіне келген полиэтиленді пайдаланып, өз қолымен алғашқы жылыжайын тұрғызады. Алғашында әкесі түсінбей ұрысқаныммен, қызырып піскен қызанақты көргенде өзі таңғалады. Кейін көрші-көлем де осы іске қызығып, жылыжай көлемін жыл сайын ұлғайта береді.

2007 жылы кәсібін кеңейту үшін Шұбар ауылына көшіп барып, үлкен жылыжай ашады. Өнімін көрген аудан басшылары қолдау көрсетуге уәде бергенімен, түрлі себептермен жүзеге аспайды. Соған қарамастан өз күшімен кәсібін дамыта береді.

2016 жылы қайтадан Қарауылкелдіге оралып, жаңа үй тұрғызады. Бір жылдан соң жұбайынан айырылғанымен, еңбекке деген құлшынысы бәсеңдемейді. Кәсіпкерлікті дамыту үшін түрлі мекемелерге жүгінгенімен, «жылыжай инновациялық кәсіп емес» деген жауап алады. Сонда да мойымай, өз қаражатына тағы бір жылыжай тұрғызады.



Көп ұзамай құлпырып тұрған қияр мен қызанақты көрген мамандар бұрынғы шешімдеріне өкініп, кейін оған 3 миллион теңге көлемінде грант алуға көмектеседі.

Бүгінде ағаш шеберінен бағбанға айналған жан ұл-қыздарының қолдауымен асқа қолданылатын көк шөптің бірнеше түрін өсіріп, аудан дүкендерін жаңа өніммен қамтамасыз етіп отыр.

Құтым ата сексен жасқа келсе де, күн сайын жылыжайға бас сұғып, өнімнің жай-күйін бақылап, ақыл-кеңесін айтып отырады. Денсаулығына қарамастан әлі де көлік тізгіндейді. Қымыз бен шұбаттың бабын келтіреді, жылқы етінен басқа ет жемейтінін айтады.

Ақсақалдың бүгінгі жастарға айтар өсиеті де терең. “Тәрбие ең алдымен үйден басталады. Балабақша да, мектеп те ата-ананың орнын баса алмайды. Қазақ баласы әке сөзінің салмағын сезініп өсуі керек. «Жігітке жеті өнер де аз» деген сөз бекер айтылмаған. Еңбекке, өнерге, жауапкершілікке баулысақ қана ұлт ретінде ұтамыз”, – дейді ол.

Өйгерім ЖАРТИНА

Денсаулық

ҚАУІПСІЗ ТАҒАМ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Соңғы уақытта еліміздің әр өңірінде қоғамдық тамақтану орындарында және үй жағдайында дайындалған тағамдарды тұтынуға байланысты тағамнан улану жағдайлары тіркеліп отыр. Әсіресе жаз мезгілінде ауа температурасының жоғары болуы азық-түлік өнімдерінің тез бұзылуына әсер етіп, түрлі жұқпалы аурулардың таралу қаупін арттырады. Осыған байланысты тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитариялық талаптарды сақтау және тұрғындардың денсаулығын қорғау мәселелері күн тәртібінен түспейтін маңызды тақырыптардың біріне айналып отыр.

Осы орайда аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы, ауданның бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Жаннұр Нұрпадан тағам қауіпсіздігі, жаз мезгіліндегі сақтық шаралары және тұрғындардың жауапкершілігі туралы сұраған едік.

Маманның айтуынша, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етуде тағам қауіпсіздігі айрықша орын алады. Себебі азық-түлік өнімдерін өндіру, тасымалдау, сақтау, дайындау және өткізу кезеңдерінің кез келгенінде санитариялық талаптардың бұзылуы адам денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Мұндай жағдайлар тағамнан улануға ғана емес, жұқпалы ішек инфекцияларының таралуына да себеп болуы мүмкін.

Қоғамдық тамақтану орындары өз қызметін қолданыстағы санитариялық қағидаларға және рұқсат беру құжаттарына сәйкес жүргізуі тиіс. Нысандарда тағам өнімдерінің сақталу температура-

сы, өндірістік және ас үй бөлмелерінің тазалығы, құрал-жабдықтардың санитариялық жағдайы, технологиялық процестердің сақталуы, қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден уақытылы өтуі мен жеке бас гигиенасын сақтауы тұрақты бақылауда болуы қажет. Өйткені осы талаптардың орындалмауы тағамның микробтармен ластануына және адамдардың жаппай улануына әкелуі ықтимал.

Жаннұр Уәлиқызының айтуынша, тағамнан улану – сапасыз, бұзылған немесе ауру қоздырғыштарымен ластанған тағам мен суды тұтынудан туындайтын жіті ауру. Оның негізгі белгілері – жүрек айну, құсу, іштің қатты ауыруы, іш өту, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік және бас ауыруы. Кей жағдайда ағза қатты сусызданып, науқасқа шұғыл медициналық көмек қажет болады. Әсіресе балалар, жүкті әйелдер, қарт адамдар мен созылмалы аурулары бар азаматтар үшін мұндай жағдайлардың салдары ауыр болуы мүмкін.



Маман тағамнан уланудың алдын алу үшін қарапайым санитариялық-гигиеналық талаптарды ұдайы сақтау қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, тамақ әзірлер алдында және тамақтанар алдында қолды сабынмен мұқият жуу, көкөніс пен жемістерді таза сумен шаяу, шикі және дайын тағамдарды бөлек сақтау, ет, құс еті, балық және жұмыртқаны толық пісіріп пайдалану, тез бұзылатын өнімдерді тоңазытқышта сақтау, өнімдердің жарамдылық мерзімін тексеру, сондай-ақ белгісіз және рұқсатсыз сауда орындарынан азық-түлік сатып алмау қажет.

Сонымен қатар ет, сүт және басқа да мал өнімдерін сатып алу кезінде олар-

дың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуына ерекше назар аудару маңызды. Бұл өнімдердің тұтынуға жарамды екенін дәлелдейтін негізгі талаптардың бірі болып саналады.

- Жаз мезгілінде тағам қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Себебі жоғары температура бактериялардың жылдам көбеюіне қолайлы орта қалыптастырады. Әсіресе сүт өнімдері, крем қосылған кондитерлік өнімдер, майонезбен дайындалған салаттар, ет пен балық тағамдары дұрыс сақталмаған жағдайда бірнеше сағаттың ішінде-ақ адам денсаулығына қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан мұндай өнімдерді күннің ыстығында ұзақ уақыт бөлме температурасында қалдыруға болмайды, - деді Жаннұр Нұрпа.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілер арқылы үй жағдайында дайындалған түрлі тағамдарды сату кеңінен таралып келеді. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің айтуынша, мұндай өнімдер көбіне санитариялық бақылаудан өтпейді, олардың қандай жағдайда дайындалғаны, қандай шикізат қолданылғаны және қандай температурада сақталғаны белгісіз. Сондықтан мұндай тағамдардың қауіпсіздігіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Сондай-ақ қоғамдық тамақтану қызметін заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырудың маңыздылығы да айтылды. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысыз және тиісті рұқсат

құжаттарыңыз тағам дайындау мен сатуға жол берілмейді. Санитариялық талаптарды бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер мұндай заңбұзушылық адамдардың жаппай улануына немесе денсаулығына ауыр зиян келтіруге себеп болса, қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған.

– Халықтың денсаулығын сақтау әр азаматтың жауапкершілігінен басталады. Біз күнделікті тұтынатын тағамның сапасына, оның қайдан және қандай жағдайда дайындалғанына бейжай қарамауымыз керек. Әсіресе жаз мезгілінде сақтық шараларын күшейтіп, тек қауіпсіздігіне сенімді өнімдерді таңдаған жөн. Ал тағам өндірушілер мен сатушылар санитариялық талаптарды бұлжытпай орындап, тұтынушылардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Қауіпсіз тағам – бұл тек санитариялық талап емес, ол әрбір адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі, – дейді ол.

Маман тұрғындардың тағам қауіпсіздігіне мән беруге шақырып, күмәнді өнімдерден бас тартып, тек заңды әрі санитариялық талаптарға сай жұмыс істейтін сауда орындары мен қоғамдық тамақтану нысандарының қызметін пайдалануға кеңес берді. Өйткені қауіпсіз тағам – әр отбасының амандығы мен ұлт денсаулығының берік кепілі.

Өйгерім КАРИМАН

Ецен

АУДАН: ЖОСПАР, ЖОБА, НӘТИЖЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аудандағы ауқымды құрылыс

Аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Нұржан Жұбанышев ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы ауқымы кең инфрақұрылымдық жобалар қарқынды жүзеге асырылып жатырғанын баса айтып, бүгінде аудан орталығы Қарауылкелді ауылы мен Іргелес елді мекендерде көгілдір отын және таза ауыз сумен қамту сапалары бойынша бірнеше маңызды нысанның құрылысы қызу жүріп жатқанын жеткізді.

Бұл шаруалардың қасында аудан тұрғындарының рухани сұранысын қанағаттандыру да күн тәртібіне қойылғанын атап көрсетті. Мәселен, Қарауылкелді ауылында 400 орынға арналған Мәдениет үйі ғимаратының құрылысы жүргізілуде. Мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы атанған «АймарСтройСервис» ЖШС-і мердігерлік ұйымы құрылыс жұмыстарын 2025 жылы бастаған еді. Салалық «Ауыл-Ел бесісі» бағдарламасы аясында қолға алынған, жалпы ауданы 3 551 шаршы метрді құрайтын бұл нысан 2025-2026 жылдарға ауыспалы болған. Бірінші кезеңде Ұлттық қордан, республикалық және облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлініп, ғимараттың 1-2 қабаттары толығымен тұрғызылса, ағымдағы жылға облыстық бюджеттен тағы 754 267,0 мың теңге қажетті қаражат қарастырылған. Қазіргі таңда нысанның шатыр жұмыстары толық аяқталып, ішкі қабырғаларын сылау жұмыстары қарқынды жалғасуда. Жалпы келісімшарт құны 1 495 433,4 мың теңгені құрайтын, құрылыс-монтаж жұмыстарының мерзімі 11 айға жоспарланған бұл мәдениет ошағында бүгінгі күнге дейін 851 627,98 мың теңге қаражат толығымен игерілген.

Аудан көлеміндегі келесі бір маңызды жоба — халықты үздіксіз табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі. Осы бағытта Болашақ тұрғын массивін газбен қамту жұмыстары жүйелі атқарылуда. Нысанның бас мердігері — «Компания «АрАй-НС» ЖШС-і. Жалпы келісімшарт құны 279,5 миллион теңгені құрайтын бұл жобаның құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылы басталып, алғашқы кезеңде 279 218,3 мың

теңгесі игерілген болатын. 2026 жылға ауыспалы болып келген маңызды нысанға ағымдағы жылы жетпес 295,0 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыстар қайта жаңданған. Тұрғын массивті сапалы көгілдір отынмен қамтитын газ құбыры желісінің жалпы ұзындығы 21 шақырымды құрайды. Бұл жоба толықтай іске қосылған кезде жүздеген жаңа шаңырақ сапалы коммуналдық иіглікке қол жеткізетін болады.

- Мұнымен қоса, ауыл тұрғындарын тіршілік нәрімен сапалы әрі тұрақты қамтамасыз ету мақсатында Қарауылкелді ауылындағы су құбыры желілерін кеңейту жұмыстары жоспарлануда. Аталған жобаны жүзеге асыру үшін 2026 жылға аудандық бюджеттен 29 358,0 мың теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша «Еркен и К» ЖШС жеңімпаз деп танылды. Бүгінгі таңда екі жақты келісімшарт құны 55 271,6 теңгеге жасалды, ал жобаның жалпы құны 58 399,0 мың теңгені құрайды, - деген Нұржан Жұбанышев жұмыстарды белгіленген мерзімде және толық көлемде аяқтау мақсатында аудандық экономика бөліміне қосымша 25 913,6 теңгеге өтінім жіберілгенін айтты. Негізгі құрылыс жұмыстары мамыр айында басталады деп күтілуде. Жалпы ұзындығы 2151 метрді құрайтын жаңа су желісі аудан орталығындағы Темір жол көшесі, Кәрім Ержанов көшесі және Аэропорт, Болашақ бағыттары бойынша тартылып, ауыл ішіндегі таза су жүйесінің аясын айтарлықтай кеңейтеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарының ұзақтығы 3 айды құрайды.

Үнем мен тиімділік - басты назарда

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Төлеген Молдабеков өз баянамасында бюджеттің өткен 2025 жылғы атқарылу қорытындысымен бөлісті. Ұсынылған ресми түсіндірме мәліметтерге сүйенсек, ауданның бас қаржылық құжаты негізгі бағыттар бойынша оң нәтиже көрсеткен.

-Өткен жылы жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің нақтыланған жоспары 11 693 436,5 мың теңге болып белгіленіп, іс жүзінде 11 555 011,6 мың теңгеге немесе 98,8%-ға орындалды. Ал трансферттер түсімдері бойынша көзделген 6 246 494,0 мың теңге толығымен, яғни 100% деңгейінде қа-

зынаға құйылды. Аудан бюджетінің шығыс бөлігі жыл ішіндегі түзетулермен 13 349 298,8 мың теңгеге жетіп, оның 12 388 637,3 мың теңгесі игерілді. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер бойынша жылға бекітілген жоспар 1 839 742,0 мың теңге болып белгіленіп, 2 213 826,3 мың теңгеге түзетіліп, 2 031 533,7 мың теңгеге орындалды. Мемлекеттік мекемелерге материалдық-техникалық жарықтандыруға барлығы 133 808,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде 4 деңгейлі бюджетке бөлінгені — 55 307,0 мың теңге, - деп есеп берді бөлім басшысы.

Айтуынша, аудан аумағындағы бірнеше маңызды әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды қаржыландыру сәтті жүзеге асырылған. Қарауылкелді ауылының Болашақ тұрғын үй массив мен Теміржол көшесіндегі темірбетон тіректерді күрделі жөндеу жұмыстарына 35 855,9 мың теңге, оның ішінде 30% алдын ала төлем жұмсалды. Сонымен қатар, облыстық бюджеттен Қарауылкелді ауылындағы гоологиялық жағдайлары қалыпты климаттық кіші аудандардың II типті 2 автомобиліне арналған өрт сөндіру депосы кешенін салуға 775 743,1 мың теңге бағытталған. Алтай батыр ауылындағы өкімшілік ғимаратының құрылысына 129 073,7 мың теңге жұмсалып, нысан қабылданған. Жергілікті атқарушы органның резервінің есебінен 59 008,7 мың теңге жұмсалған.

Бюджет қаражаты функционалдық топтар бойынша да нақты игерілген. Мысалы, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік функционалдық тобы бойынша жылдық бекітілген жоспар 822 989,0 мың теңге, жыл ішіндегі түзетулермен 813 172,4 мың теңгеге түзетіліп, 813 034,3 мың теңгеге орындалған.

- Сондай-ақ, қорғаныс саласы бойынша 2025 жылға жоспар 95 601,0 мың теңге болып бекітіліп, жыл ішінде 95 807,0 мың теңгеге түзетіліп, 95 797,7 мың теңгеге орындалса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық функционалдық тобы бойынша жылдық бекітілген жоспар 400 419,0 мың теңге, жыл ішіндегі түзетулермен 1 873 812,3 мың теңгеге түзетіліп, 1 850 954,9 мың теңгеге орындалды. Көлік және коммуникация функционалдық тобы бойынша жылдық бекітілген жоспар 2 024 731,0 мың теңге болып, 3 352 666,7 мың теңгеге түзетіліп, 2 956 725,3 мың теңгеге орындалды және әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру бағытында 2025 жылға жоспар 582 416,0 мың теңге бөлініп, жыл ішінде 416 430,9 мың теңгеге түзетіліп, 416 423,4 мың теңгеге орындалды. Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары функционалдық тобы бойынша жылдық бекітілген жоспар 71 852,0 мың теңге, жыл ішіндегі түзетулермен 68 051,3 мың теңгеге түзетіліп, 68 043,2 мың теңгеге орындалды, - деген Төлеген Молдабеков өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі функционалдық то-



бы бойынша жылдық бекітілген жоспар 33 829,0 мың теңге болып бекітіліп, жыл ішінде түзетулермен 41 710,1 мың теңгеге түзетіліп, 41 433,2 мың теңгеге орындалғанын да айта кетті.

Заманауи жабдық - сапалы ем кепілі

Аудандық аурухана - өңір халқына сапалы медициналық көмек көрсету бағытында кешенді жұмыстарды жалғастырып келеді. Бұл туралы аурухана басшысы Досбол Өуезов баяндады. Оның сөзінше, бүгінгі таңда аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсету жүйесінде 48 төсектік аурухана, бір ауысымда 200 адамды қабылдай алатын емхана, алты дәрігерлік амбулатория, бір фельдшерлік-акушерлік пункт және 16 медициналық пункт тұрақты жұмыс істеп тұр. Тіркелген халық регистрінің мәліметтеріне сүйенсек, аурухана қызметіне жүгінетін халық саны 2025 жылғы 20 601 адамнан 2026 жылы 20 048 адамға өзгерген. Стационарлық көмек көрсету көрсеткіштері де жоғары деңгейде сақталып, емдеу мекемелерінде барлығы 2 202 науқас толық емделіп шықты. Оның ішінде тәулік бойғы стационарда 1 322 адам, ал күндізгі стационарда 880 тұрғын тиісті медициналық көмек алған.

Бас дәрігер баяндамасында ана мен бала денсаулығын қорғау және бала өлімін азайту бағытында да оң серпін байқалатынына назар аудартты. Мәселен, 2026 жылдың бес айының қорытындысы бойынша ауданда 148 сәби дүни-

бақылауды қажет етеді, өйткені бұл дертпен алғаш тіркелгендер саны бес адамды құраса, «Д» есепте тұратындар саны 149 адамға жеткен. Сондай-ақ, ағымдағы жылы алғаш рет мүгедектігі бар деп танылған 31 азамат тіркелсе, оның 14-і балалар болып табылады. Осы санаттағы тұрғындардың қолжетімділігін арттыру мақсатында ауданда инватаксы қызметі де тұрақты жұмыс істеп тұр.

-Медициналық қызметтің сапасын арттыру мақсатында 2026 жылы аурухананың материалдық-техникалық базасы заманауи медициналық техникалармен айтарлықтай толықты. Аурухананың заманауи жабдықталуын бейнелейтін емдеу ісіне су жаңа құрылғылар енгізілді. Олардың қатарында аналардың босану процесін жеңілдетіп, жайылылықты қамтамасыз ететін босануға арналған трансформер-көрует, көру қабілетін дәл анықтайтын автокераторефрактометр, құлақ, мұрын және тамақ ауруларын емдеуге арналған ЛОР комбайны, жаңа туған нәрестелердегі сарғау деңгейін анықтайтын гипербилирубинемия анализаторы және хирургиялық оталардың қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыратын микропроцессорлы электрхирургиялық аппарат бар. Жаңа аппараттардың іске қосылуы аудан тұрғындарының облыс орталығына бармай-ақ, сапалы диагноз бен емді өз мекенінде алуына толық мүмкіндік береді, - дейді бас дәрігер.

Баяндамашылардың сөзінен соң, ардагерлер тарапынан өздерін мазалаған сұрақтар қойылып, бөлім басшылары жауап берді.



еге келген. Ең бастысы, ағымдағы кезеңде бір жасқа дейінгі балалар арасында өлім-жітім жағдайлары мүлдем тіркелмеген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіштің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Дегенмен, ісік ауруларына қатысты динамика тұрақты

Жиын қорытындысында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Өйгерім ӘНУАРБЕК

АЛАТАУ АТАУЫ ҚАЙТА ЗЕРДЕЛЕНУГЕ ТИІС

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы мен Атырау облысының Жылыой, Қызылқоға аудандарының шегінде орналасқан әйгілі борлы тау алабы бүгінде көпшілікке «Ақтолағай» атауымен танылып жүр. Алайда осы өңірдің тарихын жақсы білетін жергілікті тұрғындар мен өлкетанушылар арасында бұл жердің байырғы атауы «Алатау» екендігі жөніндегі пікір тұрақты айтылып келеді.

Өкімшілік тұрғыдан бұл аумақ Байғанин ауданының Қопа ауылдық округіне қарайды. Қопа ауылынан оңтүстікке қарай шамамен 100 шақырым жерде орналасқан. Үстірттің бұл бөлігі өзінің ғажайып табиғи келбетімен ерекшеленеді. Юра, бор және палеоген дәуірлерінің жыныстарынан түзілген ақ жартастар алыстан қарағанда ақ шаһардай әсер қалдырады. Мыңдаған жылдар бойы жел мен су әсерінен қалыптасқан ерекше бедерлі жартастар өңірдің табиғи келбетін айрықша етеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, бұл аймақ ежелгі замандарда қазіргі Арал, Каспий және Қара теңіздерімен сабақтас болған алып Сармат теңізінің табаны болған. Бүгінде мұнда теңіз моллюскаларының, ұлутастардың, көне теңіз жануарларының қалдықтары жиі кездеседі.


Менің ата-бабаларым — Шажа ұрпақтары Бернияз, Күртнияз, Түртнияз, Төре және Қалжан осы Алатау өңірін мекен еткен. Және атамыздың бейіті де осы жерде орналасқан. Ұрпақтары жыл сайын зиярат етеді. Алатаудың Шиелі аталған бөлігінде олардың қоныстары болған. Сол жұрттардың ізі бүгінге дейін сақталған.

Кейін бұл өңірде Қошаман, Еламан, Нәби аталарымыз және олардың ұрпақтары Құлдан, Сисенбай, Біден өмір сүріп, еңбек етті. Олар осы өңірде мал

бағып, шөп шауып, ел тұрмысына үлес қосты. Әкемнің ағалары Құлдан мен Сисенбай Ұлы Отан соғысына осы Алатау өңірінен аттанған. Біздің балалық шағымыз да осы өлкеде өтті. Сондықтан Алатау атауы біздің буын үшін тек географиялық ұғым ғана емес, өмірімен, ата тарихымен біте қайнасқан қастерлі мекен атауы болып саналады.

Өңірдің көнекөз қариялары мен жергілікті тұрғындары бұл жерді әрдайым «Алатау» деп атап келді. Осыған байланысты қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазының «Алатау» күйінің шығу тарихы жөніндегі пікірлер де назар аудартады. Белгілі жазушы-эссеист, музыка зерттеушісі Мақсат Тәж-Мұрат бұл күйдің қазіргі Байғанин мен Жылыой өңіріндегі Алатауға арналуы мүмкін екендігін атап көрсеткен болатын. Бұл мәселе алдағы уақытта да ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді қажет етеді.

Тарихи деректер де назар аударуға тұрарлық. Маңғыстаулық зерттеуші Нұрлан Құлбай жариялаған 1928 жылғы архив құжаттарында аудан орталығын уақытша Алатау өңіріне көшіру туралы мәліметтер кездеседі. Құжат мәтінінде «Алатау» атауды бірнеше рет нақты көрсетілген. Бұл дерек аталған атаудың өткен ғасырдың алғашқы ширегінде ресми қолданыста болғанын аңғартады.



Сонымен қатар өңір тарихын жақсы білетін азаматтардың айтуынша, «Ақтолағай» атауы Байғанин ауданы аумағындағы басқа бір қыратқа қатысты қолданылған. Сондықтан қазіргі борлы тау-

ларға қатысты атау мәселесін архивтік деректер, тарихи карталар, жергілікті халықтың ауызша тарихы және ғылыми зерттеулер негізінде кешенді түрде қарастырудың маңызы зор.

С.Н.ҚОШАМАНҰЛЫ.



«ЗАҢ КЕРУЕНІ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Қазақстан Республикасында заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың халықпен өзара іс-қимылын нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта еліміздің барлық өңірінде өткізіліп жатқан «Заң керуені» республикалық әлеуметтік акциясы Байғанин ауданында да ұйымдастырылып, тұрғындарға құқықтық көмек көрсетуге бағытталған маңызды алаңға айналды.

«Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы аясында өткен акция барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Руслан Обаев пен аудан прокуроры Ерлан Бахытов азаматтарды жеке қабылдап, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады. Ашық қабылдауға келген әрбір азаматтың мәселесі жеке қаралып, қолданыстағы заңнама аясында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жалпы қабылдауға 30 азамат қатысып, өздерін толғаңдырған мәселелер бойынша тегін құқықтық кеңес алды. Бұл тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға және мәселелерді ашық диалог арқылы шешуге мүмкіндік берді.

Қабылдау барысында көтерілген мәселелердің дені жер қатынастарына қатысты болды. Атап айтқанда, 7 азаматқа жер заңнамасы бойынша түсіндірме беріліп, құжаттарды рәсімдеу мен жер пайдалану мәселелері бойынша заң талаптары жан-жақты түсіндірілді.

Сонымен қатар, 3 азамат нотариаттық қызметтерге жүгіну тәртібі жөнінде кеңес алды.

Кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қатысты 4 азаматтың сауалдары қаралып, мемлекеттік қолдау шаралары мен заң талаптары түсіндірілді. Ал жастарды жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударылып, «Жасыл ел» бағдарламасы аясында еңбекке орналасу мүмкіндіктері бойынша 5 азаматқа толыққанды ақпарат берілді.

Салық заңнамасына қатысты туындаған сұрақтар бойынша 2 азаматқа кеңес ұсынылса, аудан кәсіпкерлерін толғаңдырған елді мекендерді абаттандыру мәселелері бойынша 4 кәсіпкерге заң талаптары мен міндеттері түсіндірілді. Сондай-ақ 5 тұрғын тұрғын үй кезегінің жүргізілу тәртібі, кезектің қозғалысы және қолданыстағы тұрғын үй бағдарламалары туралы қажетті ақпарат алды.

Қабылдау барысында көтерілген барлық мәселелер назарға алынып, жедел шешуді

талап ететін өтініштер бойынша тиісті мемлекеттік мекемелер мен бөлім басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді. Қосымша зерделеуді қажет ететін мәселелер бақылауға алынып, олардың заң аясында шешілуі қамтамасыз етілетіні жеткізілді.

Бүгінде халықтың мемлекеттік органдарға қолжетімділігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның тұрақты дамуының маңызды алғышарттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, «Заң керуені» акциясы тұрғындарға сапалы құқықтық көмек көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік органдар мен халық арасындағы ашық әрі сындарлы байланысты нығайтуға ықпал ететін тиімді қоғамдық алаң екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мұндай форматтағы қабылдаулар азаматтардың мәселесін созбалаңға салмай, тиісті сала мамандарының қатысуымен жедел қарауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен тиімділігін арттырып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты жүзеге асуына негіз қалайды.

Байғанин ауданында тұрғындардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасып, азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою, құқықтық көмек көрсету және заң үстемдігін нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіле береді.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі

Құттықтаймыз!

Байғанин ауданы, Миялы ауылының тұрғындары Мәнібаев Ауданбай мен Әбішева Гүлжанды мерейлі 70-жастарымен және отау құрғандарына 50 жыл толған алтын тойларымен құттықтаймыз

Мерей тойларыңмен құттықтай отырып, дендеріңе саулық отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңа бақ береке тілейміз. Балаларыңның құрметін көріп немере мен шөберелеріңнің қызығына бөленіп аман сау жүре берулеріңізге тілектеспіз.



Құттықтаушылар: Әлжановтар әулеті

ТЫРЫСҚАҚ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тырысқақ - антропонозды жімі ішек жұқпасы, халықаралық медициналық – санитарлық ережелерге сәйкес карантинді жұқпаларға жатқызылады.

Жұқпа таралуының жалғыз көзі – ауру адам немесе тырысқақ бойынша қолайсыз аймақтан келген қоздырғышты нәжіс немесе құсық арқылы бөлетін вибриотасымалдағыш. Қоздырғыш жұқтырылған тамақ және су (жиі кездеседі) арқылы адам ағзасына түседі, ауру адаммен қатынаста болғанда немесе тұрмыстағы заттарды пайдаланғанда жұғады. Қоздырғыш суда, сүтте, ағынды суларда ұзақ уақыт бойы сақта-

логиялық шараларды жүргізу және індеттің өршуіне жол бермеу үшін адам жұқтыруы мүмкін жерлерді анықтау маңызды.

Әрі қарай дәрігер науқастан диареяның, түрлі ауырсынудың ерекшеліктерін нақтылау үшін сұрақ қояды. Сонымен қатар, қоздырғыштың бар-жоғын анықтау үшін нәжіске зерттейді, сондай-ақ белгілі бір антиденелердің бар-жоғын анықтау үшін қанға талдау жасалады.



лады және қайнатқанда жойылады.

Тырысқақ белгілері:

Тырысқақтың инкубациялық кезеңі орта есеппен 48 сағатқа созылады, максимум 5 күн, аурудың жедел ағымы бірнеше сағаттан аспайды;

Түнде немесе таңертең зәр шығару кенеттен басталады;

Дене температурасы көп жағдайда қалыпты болып қалады, бірақ аздап субфебрильді жағдай болуы мүмкін;

Біртіндеп қайталанатын құсу, асқазан аймағында ауырсынусыз немесе ыңғайсыздық пайда болады;

Ыңғайсыздық,кіндік аймағында және іштің төменгі бөлігінде шуыл;

Науқас адамның төбеті жоғалады,бұлшықет әлсіздігі тез пайда болады және үнемі шөлдеу мазалайды;

Тырысқақ өршуімен симптомдар күшейеді, балтыр бұлшық еттерінде, қолдар мен аяқтарда құрысулар пайда болады;

Шығарылатын зәр мөлшерінің күрт төмендеуі.

Ауруды анықтау:

Тырысқақты анықтау кезінде белгілі бір санитарлық-эпидемио-

лдістердің жиынтығын ескере отырып, тырысқақ нақты анықталады және тиімді емдеуді бастауға мүмкіндік береді.

Профилактикасы:

Жеке бастың тырысқаққа шалдығуының алдын алуға бағытталған шаралары ең алдымен жеке бас гигиенасының ережелерін орындау. Иммунопрофилактикалық шара мен профилактикалық антибактериалдық препараттар тағайындау эндемиялық аймаққа шығушыларға, эпидемиялық төтенше аймақта тұратындарға жүргізіледі.

Қоғамдық профилактикасы- ел шекарасы мен территориясын тырысқақ енуден қорғау. Бұл шара халықаралық карантиндік аурулар туралы, ережелер бойынша жүргізіледі. Эпидемияның қолайсыз аймақтардағы алдын алу шаралары тұрғындарды сапалы қауіпсіз ауыз сумен, тағаммен қамтамасыз етуге, тұрғындардың коммуналдық жағдайын жақсартуға (жоқыстардан тазарту, профилактикалық дезинфекция т.б.) арналады.

Байғанин аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ж.У.НҰРПА

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Байғанин ауданы әкімдігінің 19.06.2026 жылғы №130 «Байғанин ауданында суға түсу маусымында коммуналдық жағажайларды ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес, Кемерши және Миялы ауылдарында Жем өзені бойында коммуналдық жағажай құрылды.

Яғни аталған 2 жағажай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Су айдындарындағы Қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығының талаптарына сәйкес жасақталды.

Байғанин ауданы аумағының Жем және Сағыз өзендерінің бойынан суға түсуге қауіпті жерлерге тыйым салу белгілері қойылған болатын.

Сонымен қатар ескерте кететін жайт, Қарауылкелді ауылының маңындағы су айдындарына (Өулие бөгеті, Қарауылкелді бөгеті) суға шомылуға тыйым салынған.

Осы тыйым салынған аймақтарда және суға түсуге арналмаған орындарда суға шомылған жағдайда ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 412 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатындарыңызды ескертеміз.

Яғни, су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау.

Қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаған кезде су айдындарында қауіпсіздік қағидаларының сақталуына жауапты тұлғаның оларды бұзуы немесе орындамауы – жеке тұлғаларға – жеті, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



Ақтөбе облысы бойынша ағымдағы жылы суға түсу маусымы басталғалы 16-21 маусым күндері су айдындарында 7 адам, оның ішінде 2 баланың суға кету жағдайлары орын алып отыр. Бұл жағдай белгіленбеген жерлерде суға түсу және қауіпсіздік ережесін сақтамау салдарынан орын алған.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Байғанин ауданы тұрғындары мен қонақтары назарына су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері мен талаптарын қатаң түрде сақтауларыңыз сұралады!

1). Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары - Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.

- Мас күйде шомылмаңыз!

- Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршағанға және қалтырауға дейін жеткізбеңіз.

- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз.

-Қоршау белгілерінен, буилардан тысқары жүзбеңіз.

- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

2). Көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда

шомылудың қауіптері

Өзендер мен көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда шомылудың қауіпі мол себебі инфекциялық аурулардың қоздырғыштары ағын суда: Іш-сүзегі 183 тәулік, дизентерия 12-92, оба 4-92, туляремия 7-31, бруцеллез 4-45 тәулікке дейін өмір сүреді.



ШОМЫЛҒАНДА СУДА НЕНІ ЖАСАМАУ КЕРЕК:

Қоршау белгісінен тысқары жүзбеңіз! Тыйым салынған жерде шомылмаңыз! Шомылып жүрген балаларды қараусыз қалдырмаңыз!

Шомылғанда камераларды, доптарды, тақтайларды пайдаланбаңыз!

Суда шолжандауға жол бермеңіз! Жалған дабыл бермеңіз!

Суға көпірлерден, айлақтардан секірмеңіз! Таныс емес жерден сүңгімеңіз!

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті қызқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №972
Көлемі 1 баспа табақ.